

Көксу ауданы әкімиятының 2003 жылғы 7 шілдедегі "Көксу ауданының әкімияты жанындағы қылмыскерлік және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі үйлестіру Кеңесі туралы" N 8-34 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облыстық Көксу ауданы әкімиятының 2003 жылғы 10 қазандағы N 10-56 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 13 қазанда N 1352 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 12 қаңтардағы N 07 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2011.01.12 N 07 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағы 17-тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабына сәйкес, Көксу ауданының әкімияты жанындағы қылмыскерлік және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі үйлестіру Кеңесінің дербес құрамындағы өзгерістерге байланысты, аудан әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көксу ауданы әкімиятының 2003 жылғы 7 шілдедегі "Көксу ауданының әкімияты жанындағы қылмыскерлік және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі үйлестіру Кеңесі туралы" N 8-34 қаулысына (облыстық әділет басқармасында 2003 жылы 15 шілдеде N 1252 болып реестрде тіркелген, 2003 жылы 22 тамызда N 34, "Көксу таңы" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) "Көксу ауданының әкімияты жанындағы қылмыскерлік және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі үйлестіру Кеңесінің дербес құрамынан:

Исабеков Ерлан Қанатжанұлы - аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция майоры /келісім бойынша/, Кеңес мүшесі шығарылсын ;

2) "Көксу ауданының әкімияты жанындағы қылмыскерлік және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі үйлестіру Кеңесінің дербес құрамына:

Садиев Рысбек Елубайұлы - аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі /келісім бойынша/, Кеңес мүшесі болып енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Г. Савиновке жүктелсін.

Аудан әкімі

